

Келісемін:
«Ақбота» бебекжайы
МКҚК әдіскері

М.Н. Обиу
М.Н. Обиу



**Бекітемін:
білім беру
білім беру
білім беру**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 – 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Тобы: «Ботақан» тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауга, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.).</p> <p>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>
	Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік қуралдарын (интонация, ым-ишара, қымыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс

		кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (катыгез-мейірімді, ақкөніл-салмақты) ынталандыру.
	Математика негіздері	Балаларды геометриялық фигуralарды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кендеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалындығы бойынша тең).
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қосыту, суару, жапырақтардың шаңын сұрту) туралы түсінікті дамыту.</p> <p>Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырак, су, құн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.</p> <p>Өсімдіктердің даму кезендері (тұқым, көшет, сабак, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман-бақша), гүлдер (бөлме, бақша және шабындық), бұталар және ағаштар (бақша және орман).</p> <p>Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.</p>
	Құрастыру	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астau, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жұн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрnekілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды

		өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
	Сурет салу	Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан онға пішіннің шеткі сзызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сзызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сзызықтарды жүргізу. Сурет салуда енкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстаяға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.
	Мұсіндеу	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Бірнеше бөліктерден заттарды мұсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Сәндік мұсіндеу: Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мұсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мұсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.
	Жапсыру	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, түрмистық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиоға немесе өзбетінше ойдан қыып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.

Ән-күй	<p>Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен қүйлерді тыңдату. Қысқа музикалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенде таза жәнесөздердің тыңдатуға үйрету.</p> <p>Әннің сипаттың жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.</p> <p>Музыканың қимылдық сипаттына қарай қимылдарды музикамен сәйкестендіре отырып, қимылдарды өзгертуге үйрету.</p> <p>Ағаш қасықтармен, қоңыраулармен, асатаяқпен, тайтүяқпен қарапайым ырғактарын ойнау.</p> <p>Балаларды музикалық аспаптарын тануға және атауға үйрету.</p>
Дене шынықтыру	<p>I) 1. Қабырғалы тақтамен жүруді үйрету. 20-25 сантиметр биіктікten секіру техникасын дамыту.</p> <p>2. 70 сантиметрден кем емес жерден ұзындыққа секіруді үйрету. Қабырғалы тақтамен жүру қабілетін шындау.</p> <p>3. Оң және сол қолыңызben көлденен нысанаға асық лақтыруды үйренуді жалғастырыңыз. Тұрып тұрып ұзындыққа секіру техникасын кем дегенде 70 сантиметрге бекітіңіз.</p> <p>II) 1. Көлбеу тақтада жүруді және жүгіруді үйрету. Оң және сол қолмен көлденен нысанаға асық лақтыру дағдысын дамыту</p> <p>2.4-5 сзық бойымен тұрып ұзындыққа секіруді үйрету. Көлбеу тақтада жүруді және жоғары және төмен жүгіруді үйренуді жалғастырыңыз.</p> <p>3. Заттарды 1,5-2 метр қашықтықтан тік нысанаға лақтыруды үйрету. 4-5 сзық бойымен тұрып ұзындыққа секіру техникасын дамыту</p> <p>II) 1.. Гимнастикалық қабырғаға көтеріліп, төмен түсуді үйрету. Заттарды 1,5-2 метр қашықтықтан тік нысанаға лақтыруды үйренуді жалғастыру.</p> <p>2. 5-6 дәрі шарын бір-бірлеп басып үйреніңіз. Гимнастикалық қабырғаға көтерілу және төмен түсу қабілетін дамыту.</p> <p>3. Бір аяқпен секіруді үйрету. Бір уақытта 5-6 дәрі шарын басып үйренуді жалғастырыңыз.</p> <p>IV) 1. Заттарды қашықтыққа лақтыруды үйрету. Бір аяқпен секіру қабілетін</p>

шындау.

2. Гимнастикалық қабырғаға кезек-кезек қадамдармен жоғары және төмен көтерілуді үйрену. Заттарды қашықтыққа лақтыру қабілетін дамыту.

3. Бір-бірінен алшақ орналасқан дәрілік шарлардың үстінен бір-бірден басып өтуді үйрету. Гимнастикалық қабырғаға ауыспалы қадамдармен жоғары және төмен көтерілу қабілетін дамыту.

Спорттық жаттығулар. Мұзды жолдармен өз бетіңізше сырғыңыз. Шанамен сырғанау.

Ашық ойындар. Ашық ойындарға қызығушылықтарын дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруды дербестік пен бастамашылдыққа тәрбиелеу.

Тәуелсіз қозғалыс белсенділігі. Балаларды доптармен және құрсаулармен ойнауға ынталандыру, дene шынықтыру құралдарын пайдалануға ынталандыру және балалардың ашық ауадағы ойындарға қатысуға қызығушылығын ояту.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Дене белсенділігінің пайдасы туралы түсініктерін кеңейту (таңертенғілік жаттығулар, шынықтыру, спорттық және ашық ойындар).

Сауықтыру және шынықтыру әрекеттері. Тыныс алу жолдарын қатайтыңыз. Шынықтырудың барлық түрлерін орындаңыз.

Денсаулықты сақтайтын технологиялар. Тыныс алу жаттығулары, степ-аэробика, ойын созылу, флешмоб.